



ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 43/739
29 октября 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында

Игі іс – көпке ортақ!

ҚАЛАНЫҢ ГҮЛДЕНУІНЕ ҮЛЕС ҚОСАЙЫҚ!

Биылғы мамыр айының 24-мамырында қала әкімі болып тағайындалған Сапар Қайыркенұлы Сатаев қала активімен және ақсақалдармен кездесуінде қаламызды көркейтіп, бұрынғы қалпына оралтуға ниетті екендігін айтып, абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын бастайтынын жариялаған болатын. Одан бергі бес ай уақыт аралығында аталған мәселе бойынша дайындық жұмыстары қызу жүргізіліп, қазанның 18-жұлдызынан бастап көгалдандыру ішарасы басталып кетті. Әкімнің өзі айтпақшы, «Қала – біздің ортақ үйіміз»

келтіруге ниет білдіргендердің барлығы калифорниялық терек, күміс терек, пирамидалық терек, қарағай, туя ағашы және қынағашының көшеттерін отырғызу үшін мүмкіндіктеріне қарай ала алады. «Жасыл қала» акциясы үмітімізді ақтайы және келесі жылдың жазында қала көшелерін жаңартылған түрде қарсы аламыз деп сенеміз. Өйткені оған қажеттінің бәрі жасалуда. Қазірдің өзінде көптеген жолдардан ағаштар мен көгалдарды суаруға арналған құбырларды көріп отырмыз.



екендігін ескеріп, осынау игі іске қала жұртшылығы жаппай атсалысады деп үміттенеміз.

Сонымен Приозерск қаласында Қазақстан Республикасының 30 жылдығы мерейтойы аясында «Жасыл қала» акциясы басталды. Қаланы көгалдандыруға өз үлесін қосқысы келетін тұрғындар көшеттерді алып, оларды үйлерінің ауласындағы бос жерлерге отырғызып, ағаштарға күтім жасай алады. Приозерск қаласында күзгі ағаш отырғызу жұмысының басталып кеткенінен жерлестеріміз хабардар. Атап айтқанда, 2000-нан астам көшет және 20 мың бұта отырғызу жоспарлануда. 2021-жылғы күзгі кезеңде 2 мыңға жуық ағаш отырғызу ниетіміз бар. Биылғы жылы күзгі ағаш отырғызуды «Благоустрой Приозерск» ЖШС қалалық кәсіпорны ұйымдастырып, жоғарыда аталған көшеттер мен бұта сатып алды. Айта кету керек, қаланың орталық көшесін көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша, ағаштардың басым бөлігі Транспортная көшесінен бастап, Достық және Кисунько көшелеріне отырғызылады.

Қалада басталып кеткен «Жасыл қала» акциясы әрбір тілек білдірушіге қаланы көгалдандыруға өз үлесін қосуға мүмкіндік береді. Қалалық ұйымдар ұжымдарының күшімен шұңқырларды дайындау жұмыстары жүргізілуде. Барлық жас және ересек отандастарымызды осы жұмысқа көмектесуге шақырамыз. Сонымен қатар, «Благоустрой Приозерск» ЖШС қала тұрғындарына арнайы көшеттер таратады. Туған қаласының көшелерін көгалдандыруға, бұрынғы «Даладағы оазисті» қайта қалпына

Армандардың орындалуы, қаламыздың жасыл аймаққа айналып, экологиялық ахуалдың жақсара түсуі – тікелей сіз бен біздің қатысуымызға және жұмысқа мұқият көңіл бөліп, жауапкершілік танытуымызға байланысты! «Жасыл қала» акциясына ат салысыңыздар, қала тұрғындары! Аталған акцияға қатысу және үлес қосу



үшін ТҮКШ бөліміне және Жастар ресурстық орталығына келесі байланыс телефондары бойынша хабарласыңыздар: **8 778 989 9988, 8 778 516 8990**. Ортақ үйіміз саналатын қаламыздың гүлдеп-жайнап, көркеюі өзіміздің қолымызда екендігін ескерейік, жерлестер!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ҚАЛАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ ЖАЛҒАСУДА

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерейтойы құрметіне және қаламызды көркейту, көгалдандыру, абаттандыру және тұрғындар үшін экологиялық орта қалыптастыру мақсатында Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев «Қаланы көгалдандыру» акциясын жариялаған болатын. Аталған ішара қазан айының 18-жұлдызынан бастау алып, ауа-райының қолайлы кезінде бітіру үшін жұмыс жалғасын табады.

Игілікті іске қаладағы мемлекеттік мекемелер қызметкерлері, ішкі істер органының ардагерлері, әскери бөлімдер қызметкерлері, Приозерск қаласы жастар ресурстары орталығының жастарымен бірге ерікті қала тұрғындары атсалысуда. 23-қазан, сенбі күні өткен сенбілікке қала жұртшылығы жаппай қатысты. Қаланы қажарып өтетін «Достық» көшесіндегі үлкен жол бойындағы бос алаңдарға талдар мен өскіндер отырғызу мақсатында жиырма мың өскін мен екі мыңнан астам жас талдар алдырылған. Акцияға қатысушылар азанғы сағат тоғызда жұмысты қызу түрде бастап кетті. Өзара әзіл-қалжыңдаса жүріп жасалып жатқан жұмыс барысын бақылап, өнімді істің куәсі болдық. Өскіндер мен талдар қаланы абаттандыру шаруашылы-

жігіт атыма сын болар еді. Сондықтан жұбайым екеуіміз келіп, жерлестеріме



көмектесуді өзімнің азаматтық парызым деп білемін. Мұндай игілікті шарадан қалада тұрып жатқан әрбір тұрғын, әсіресе біз секілді жастар қалыс қалмауы тиіс», - деді ол бізбен әңгімесінде.

Қаламыздың көркейе түсуі үшін атқарылып жатқан жұмыстар ұшан-теңіз. Осы күнгі сенбілік акциясы мұның бір парасы ғана. Жалпы, қаланың күз айындағы әрбір сенбі күні қарбаласқа толы болып, қаладағы кіші алаңда ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінің ұйымдастырылып отыруы да дағдыға айналды. Көшеде сабылсықан тұрғындардың бәрі де тіршілік қамын жасаудың



ғының басшысы Оспан Қаланбаевтың қызметкерлері тарапынан жеткізіліп, егілген көшеттерді дер кезінде суаруға арнауы су таситын көліктер бекітілген. Сонымен қатар сенбілікті ұйымдастыруға басшылық етіп жүрген Приозерск қаласы жастар ресурстары орталығының жетекшісі Ұлан Алмастан, 60601 әскери бөлімінің аға сержанты, бөлімше командирі Алмабек Таутибаевтен және ЮРЭС ұжымынан келіп қатысқан топтың жетекшілерінің бірі Сергей деген азаматтан шағын сұқбат алдық. Осынау игі ішара алдағы уақытта да жалғасын табады.

Осы жерде тағы бір көңіл толқытар керемет сәттің куәсі болу бұйырды. Қалада дүниеге келіп, балалық, жігіттік шағы осында өткен, қазіргі таңда Бурят елінің Ұлан-Уде қаласында әскери қызметін өтеп жүрген, туған қаласына жары Юлямен бірге демалысқа келген Виктор Григорьевич Пушкинский қала көшелерінде өтіп жатқан сенбілікті көріп, үйінде отыра алмағандықтан жұмыс басына келіпті. «Мен де осы қаланың тумасымын. Приозерск кіндік қаным тамған, мен үшін қасиетті өлке. Бұл жер мен көлді, қаламың тұрғындарын, достарымды ешқашан есімнен шығармаймын. Олай болса, бүгінгі өткізіліп жатқан ішараға қолқабыс етпей қарап отыру

қамында жүр. Игі істеріміз бен жақсы бастамалар жалғасын тауып, құт мекенімізді көркейте түсудегі мақсатты істеріміз алға баса берсін, ағайын!

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ,
Суреттерде: сенбіліктен көріністер.





Рухани жаңғыру аясында

Менің туған жерім – Тауелібайда казак пен каракалпак ағайыннан өзге ұлт өкілдері сусақпен санарлықтай ғана. Каракалпак туғандардың үлкен кісілерінің айтуына қарағанда, олар негізінде ілгергі замандарда Сырдария бойынан ауып келген. Яғни, бұлардың атамекені қазақ жері. Төлқұжаттарында ұлты «каракалпак» деп көрсетілгенімен, түпкі тегі казакпен туысатын Созақтан тарайтындығы күмән жоқ. Олармен рулас ағайындарын Қызыорда, Түркістан облыстарының аумағынан көптеп кездестіруге болады. Тарих тереңіне бойлайтын болсақ, бүгінгі Созақ ауданы Қазақтың ағасы болып келетіндігі айтылады. Сондықтан оларды сыртқа тепкеніміз мүлде дұрыс емес. Атап айтқанда, Өзбекстанның Тамды, Кенімық аудандарынан көшіп келген, төлқұжатындағы ұлты каракалпак етіп көрсетілген ағайынға көші-кон департаменттері обал жасап жүр деп кесіп айта аламыз. Төмендегі әңгіме де осы төңірегінде өрбімек.

Атағы дардай ақын Иран ҒАЙЫП ағамыздың «Қарақалпағым» деген ғажап жыры бар. Тоқсаныншы жылдардың басында жазылған. Тоғыз-он шумақ шамасы. Содан жатта қалғанын айтайын дейді аталған жазба авторы:

*Тарихымызға тастан қашалған,
Ешкімнің жоқтай ортағы.
Тағдыр-талайлас қашаннан
Қазақтың карақалпағы.*

*Көңіл жыртығын бүтіндеп,
Күйленді кеудем тоғайып.
Өмір деп соққан лүпілдеп,
Жүрегімсің – десем жоқ айып.*

*Жазған құлдаймын ерінбес,
Жетегіне ердім қиялдың.
Өле-өлгенше бөлінбес –
Егізіндейміз Сиамның.
Қайғы-мұңы озған Алаштан,
Бүкіләлемдік –
Мехнат-азабы.*

*Қазақ па?!.
Қазақ – о бастан,
Қарақалпақтың Қазағы.*

Керемет өлең екеніне дау жоқ. Мұны неге ежіктеп отырмыз? Садық Нұрымбетовтің «Соңғы кезде осы сөйлескенде тіліміз, сұрасқанда түбіміз бір екі ағайынның арасына сына қағуды қалайтын өзезілдер төбе көрсете бастады. Олар бүгінде «жұтылып кетеміз» деген сыңайда өлмермендікпен бәз-баяғы каракалпақтың әдеби

ТҮБІМІЗ БІР ТУЫСҚАН!

калыптасқан сөздерінен қаша бастады. Әдемі тіл қойыртпаққа айналды. Өзбекшеге ыңғайланып барады. Байырғы кейбір жер атауларын да өзгерткісі келетін «жампоздар» да шықты. Бір айналайынның «Қазақдария» атауын «Қазықдария» деп өзгерту



каракалпақтың қазақ болып жазылып жатқанына шүйлігіп, дау шақырып жатқанына, оны әлеуметтік желіде жариялап, байбалам салғанына куә болдық. «Ондай сатқынлар өттекі мультфильмдерде де жоқ», - деген ініміздің ұлтжандылығын құрметтеймін. Дұрыс. Бірақ өмірде бар, бар емес-ау, көп. Ежелден тұрмыста кездесетін оқиға. «Отыз бес миллионбыз» деп жүрген өзбектердің ішінде сан мыңдаған тәжіктер, қазақтар, каракалпақтар, ұйғырлар жүр. Қомақтырақ мысал айтсақ, анау Фергана оазисіндегі баяғы бабаларымыздың әулеті қайда? Мұхаметжан Тынышбаев жазған сол уәлаяттағы ұйғырлар, қазақ, каракалпақтар әлде-қашан өзбек болып кеткен. Тарихтағы «Каракалпакская долина» деген жер атауы да жоғалды. Кенімехтегі, Тамдыдағы бауырларды айтпағанда, анау Қашқадария, Сұр-

хандариядағы миллионға жуық баяғы өз қоңырат, қыпшақтарымыз бүгінде өзбек болып кеткен. Ташкент маңындағы көптеген қазақтардың да өзбек атанып жүргенін Рашидов дәуірінен білеміз. Баяғыны қазбаламай, бүгінгіге келейік. Күні кеше дүкен

ашып тұрған «ауалап» сөйлеген келіншекпен Шамалған бекетінде кезігіп қалдық. Бауырлары Хожеліде екен. Төлқұжатына «Қазақ» деп жаздырып келгенін ашық айтып отыр. Мұнда көшіп келген каракалпак бауырларымыз Қазақстанда емес, туған жерінде ұлтын өзгертіп келеді. Оларға азаматтық алу оңай, Руын сұраса руы ұқсайды, тілі бәз баяғы бірдей. Каракалпак елінде тұңғыш рет сахаттап келген оралдық журналист інім: «Ауылдағыдай еркін жүрдім, тілі, салт-дәстүрі 95 пайыз ұқсайды екен», - деп қуанып келген. Бізге де қуаныш. Марқұм каракалпак журналистикасының ардагері Қайболла деген ағамыз, қарекеннің танымал шайырының балашағасы қазақ ұлтын қабылдап, Қазақстанға көшіп келгенін айтқан. Аты-жөнін айту әдепсіздік болар. Олардың жеке бас құқығына тұмсығымызды тыққанмен абырой ала алмаспыз. Баяғы кеңес дәуірінде Ташкентте самарқандық (Галияаралдан) бір каракалпак жігітімен кездесіп, сөзіміз жарасып кетті. Сонша өзбек, тәжіктер ішінен маған бауыр басып алды. «Қазақсыз ба, аға!», - деді. Тұрған жерінде азғана каракалпақтарды кеңседегі шенеуніктер сыртынан өзбек етіп жазып жіберіпті. Мен осы жайлы «Жас ленинши» газетінде «Бойымызда каракалпак қаны бар», деген мақала жарияладым.

Ол кезде бұл тақырыпты қозғау да қиын болатын.

Ұмытпасам, тоқсан алтыншы жылы болса керек, бір дәмханада отырып, қытайлық ұйғырмен дастархандас болып қалдық. «Қазақпын» дейді. Күдіктендім. «Тұмсығың да, тілің де ұқсамайды, өзбек шығарсың», - деймін баяғы. Құжатында «Қазақ» деп анық жазылған. Ол туралы да еларалық «Қазақ Елі» газетінде кезінде хабар бергенмін. Сол жазбамды «Караванның» аударып бергені есімде. Айтпағым, каракалпак пен қазақты түрі мен тілінен ажырату оңай емес. Тағы бір айтарым, ел үшін зор еңбек сіңірген ірі тұлғаларды ұлтына қарай бөліп, бағалау – ауыр қиянат. Түріктер Кемал Ататүрікті ел басшысы, қайраткер ретінде қандай ұлықтайды?! Ұлты туралы айтпайды, сірә. Өзіміз аралас-құралас жүрген Өзбекстанды билеген Рашидов, Каримов, бүгінгі Мирзиёвтің де ұлты жайлы күмәнді пікірлер көп. Олар өзбекше сөйледі, өзбек мүддесі үшін жанын беруге даяр жандарды жатсынұға болар ма? Өзбек елінде де жүзден астам ұлт өкілдері тұрады. Ел іргесін қаласқан қазақтар да аз емес. Каракалпак мәдениетін, экономикасын әлемге танытуда Каракалпақстандағы қазақтардың еңбегі ұшан теңіз. Бұларға саяси баға беруде мәртебелі комиссия құрылып, әділ тұжырым шығару керек. Әйтпесе, ауызы жеңіл шала сауаттар мінберге шығып, терең зерттеместен ғайбаттай береді. Өзбек оқығандарының «Каримов дәуіріне саяси нақты баға берілмеді», - деген мәлімдемесі дұрыс. Тарих өтірікті қабылдай алмайды. Ұры болса ұры, сатқын болса сатқын. Дәлел болуы шарт. Ешкімнің ар-намысына тиместен әділ бағаланса құба құп. Пікірлер қайшылығы болуы заңды. Каракалпак баспасөзінің тұңғыш қарлығаштары кімдер? Тұлғаларымызды толық танып болдық па? Тарихи тұлға каракалпақта жалғыз Аллаяр Досназаров қана ма? Ең әуелі солар жасаған дәуір, формация жайлы анық байлам жасай білуіміз керек. Біз өткен шежіреміз хақында келер ұрпаққа салдамды, парасатты пікірлер қалыптастырып беруіміз қажет. Жел сөз, топшылап айта салудан аулақ болғанымыз жөн. Әсіресе, нәзік ұлт мәселесінде. Түбі бір түркі бірлігін армандаған баяғы зиялыларымыз аманатына адалдық жарасар. Иран Ғайып өлеңі каракалпақтарға да ұнайды, әрине.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Коронавирус

“В ВАКЦИНЕ PFIZER ЕСТЬ УСТРОЙСТВО СЛЕЖЕНИЯ”: “ДОКУМЕНТ” ОБНАРУЖИЛИ ПОЛЬЗОВАТЕЛИ СЕТИ

В социальных сетях казахстанцы обсуждают некий патент, который является «доказательством» того, что в вакцинах Pfizer/BioNTech содержится устройство слежения. Документ якобы описывает, как именно они работают, и доказывает теорию, ранее считавшиеся конспирологическими. Это неправда, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на Stopfake.kz.

Речь идет о патенте, который находится в открытом доступе. Его номер – US 11,107, 588 B2. Подан он был 30 ноября 2020 года Гэлом Эрлихом, основателем компании Ehrlich Group, и Мэйром Фенстером, руководителем отдела медицинских приборов в этой же компании.

К компаниям Pfizer и BioNTech и к разработанной ими вакцине этот патент отношения не имеет.

Более того, эти компании начали разрабатывать вакцину в марте 2020 года, а патент был подан лишь в ноябре, когда препарат уже был готов и проходил клинические испытания.

Это говорит о том, что патент никак не связан с вакциной производства Pfizer/BioNTech. Более того, он не связан с другими вакцинами против COVID-19. Речь в нем идет о неких портативных устройствах, которые будут сообщаться между собой общим сервером и содержать информацию об истории болезни человека, аллергиях, месте работы, частоте контактов с другими



людьми и прочие данные. На их основе система будет делать выводы о том, какие люди наиболее подвержены заражению опасными инфекциями и у кого риски развития осложнений в результате заражения выше.

Как указывают авторы идеи, такая система поможет прогнозировать вспышки заболеваний и вовремя предотвращать их.

Теории о чипах в вакцинах конспирологические и антинаучные. Они появились еще в конце 1980-х годов, однако до сих пор не подтвердились.

Таким образом, патент, обнаруженный в Сети, не имеет отношения к компаниям Pfizer и BioNTech и к разработанной ими вакцине против COVID-19.

Ранее этот же патент пользователи Казнета пытались выдать за доказательство того, что в скором времени во всем мире введут систему социального рейтинга.

По материалам интернет-ресурса www.kazpravda.kz

ОТАН ҚОРҒАУ – НАҒЫЗ ЕРДІҢ ІСІ

Жоғарғы Бас қолбасшы армияның әскери машығын қдайы шындап отыру керектігін және қазақстандық әскерлердің бітімгерлік миссияларға қатысуға әзірлігін атаған еді.

Дәл осы бағытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарындағы әскери қызметшілердің бітімгерлік миссияларға қатысуы Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін арттырып келеді. Қазіргі таңда Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясының құрамында өздеріне берілген тапсырманы атқарып жүр.

подполковник Есжан Батырбеков келісім-шарт бойынша әскери қызметші қатардағы жауынгер Ерік Тұрғынбай Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің



Жуырда Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі

бұйрығымен тағайындалған «Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін» медаль салтанатты түрде табыс етті. Аталған әскери қызметші «Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштері» миссиясының құрамында бітімгершілік қызметті абыроймен атқарып келген болатын.

Әскери қызметшінің Ливан жеріндегі қызметі жоғары бағаланып, қатардағы жауынгер Ерік Тұрғынбай Біріккен Ұлттар Ұйымының «Бейбітшілік қызметінде» медалімен марапатталды.

Думан Құрманғалиев,
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТӨЗІМДІЛІК ДІНІ

Иман айнасы

Дін тақырыбы бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналғаны рас. Ұзақ жылдар кеңестік жүйенің идеологиясына тапталған елдер өз егемендігін алғаннан кейін-ақ, халықтың (бәлкім белгілі бір топтардың) дінге деген қызығушылығы немесе әуестігі артып кеткеніне куәміз. Бұл – бір жағынан жұрттың біркелкі насихаттан шаршап, Жаратқанға сенімге деген шөліркеуі болса, екіншіден ғасырлар бойы халық санасына сіңген дінге болған сағынышы шығар?! Алайда, осы жерде жалпы халықтың дінге деген көзқарасы бірнеше бағытқа бөлініп кеткеніміз көрініп жүр.

Әуелі «Ислам» сөзінің мәнін ашып алайық. Араб тілінде «ислам» сөзінің терминдік мағынасы осы болса, сөздік мағынасы «бейбітшілік», «қауіпсіздік», «алаңсыздық», «сәлемет», «амандық», «есендік», «саулық», «төзімділік» деген мәндерге саяды. Исламның әлемдік дінге айналуының сыры неде? Ол адамзатқа Алланың бар және бір екендігін, тек Аллаға ғана құлшылық жасау керектігін, бүкіл ғаламды Алланың жаратқандығын, барлық пайғамбарларға және көктен түскен кітаптарға сенудің қажеттілігін білдіріп, ақырет өмірінің мәңгілігін түсіндіреді. Адамдар арасында тәртіп орнатып, бауырластықты жаңғыртады. Адаммен адамның жаратылысынан тең екендігін көрсетіп, Алланың алдында көркем мінезді тұлғалардың өзгерден үстем болатындығын хабарлайды. Сөйтіп, ислам адамдардың азаптан құтылып, бақытты болудың төте жолын ұсынады. Пенденің бақытты болу шарты – жақсыны жаманнан, халалды харамнан, сүйкімдіні сүйкімсізден, парызды қарыздан ажырата білу. Сондықтан да, тура

шақтаған сәтте өз Мұхаммед: «Мен Құранды басқадан тыңдағанды жақсы көремін», – депті. Сонда Абдуллах бин Масғуд «Ниса» сүресін оқып «Әр үмбетке бір куә келтіріп, ей, Мұхаммед сені де оларға куә етіп келтірген уақытымызда жағдайлары не болады?» деген 41-аятына келгенде Алла елшісінің көзінен жас аққан екен. Үмбетін шексіз жақсы көрген өз Мұхаммед «Білім алу – әрбір мұсылманға парыз» деп, адамдарды білімін жетілдіруге үндеген кәміл тұлға.

Білім алу, ғылымды азық қылу дегеніміз не? Абдурахман ибн Мұхаммед ибн Халдуның (1332-1406) айтуынша «адамға білсе пайдасыз, білмесе зиянсыз білімнің

бақытты. Халықтың бақытты өмірін сақтап, өркендету толыққанды білімге ие басшыларды қажет етеді. Білімді басшылардың қалыптасуы үшін «Амалдар Құранда жазылғаны үшін дұрыс деп емес, дұрыс амал болғаннан кейін Құранда жазылған деп ғұмыр кеш» дейтін данышпан ғалымдардың болуы тиіс. Бұл жөнінде әл-Ғазали: «Басшылар бұзылса, халық та бұзылады. Ал басшылар ғалымдар бұзылғанда ғана бұзылады», – деп, бекер айтпаған ғой. Кезінде Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті кеңесінің төрағасы, Түркия Республикасының Мәдениет министрі болған Намық Кемал Зейбек 1993-

қарсаңында әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің тұрақты орталық ғимараты ретінде Астана қаласындағы «Бейбітшілік және келісім сарайы» бекітіліп, оның ішінен «Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы» құрылды. Бейбіт-шілік және келісім сарайында өткен ІІ Съезд «Дінаралық диалог принциптерін» талқылады. ІІІ Съездің жұмысы «Діни лидерлердің төзімділікке, өзара сыйластық пен ынтымақтастыққа негізделген бейбіт-шілікті құрудағы рөлі» қарастырылды. Ал ІV Съезд өз жұмысын «Бейбітшілік және келісім – адамзат таңдауы» тақырыбына арналған болатын. 2013 жылы Съездің 10 жылдығына орай Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің мерейтойлық кездесуі өткенін де айта отыралық.

Қазіргі уақытта 51 мұсылман елдерінің қатарына Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Иран, Пәкістан, Түркия, Бангладеш, Бруней, Индонезия, Малайзия, Мальдивтер, Бахрейн, Ирак, Иордания, Йемен, Катар, Кувейт, Ливан, Палестина, Біріккен Араб Әмірліктері, Оман, Сауд Арабиясы, Сирия, Джибути, Мысыр, Комор аралдары, Сомали, Судан, Танзания, Эритрея, Эфиопия, Алжир, Батыс Сахара, Мавритания, Ливия, Марокко, Тунис, Буркина-Фасо, Гамбия, Гвинея, Гвинея-Бисау, Мали, Нигер, Нигерия, Сенегал, Сьерра-Леоне, Чад жатады. Осы аталған мұсылман елдерінің ішінен адамзатты ресми түрде бейбітшілік пен төзімділікке шақырған Қазақстан болып отыр. Қорыта айтқанда, ХХІ ғасырда Қазақ елі әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бір дастарқан басына жинап, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бейбіт әрі төзімді «Мәңгілік Ел» идеясын жариялап отыр. Бұл Мәдина келісімі қағидаларын қайта жаңғыртуға ұмтылуы және қазақ туында бейнеленген «бүркіттің» әлемге төзімділік, «күннің» адамзатқа бейбітшілік, зайырлы білімі мен дәстүрлі дінінің өзі мен өзгеге тек жақсылық әкелетіндігінің нышаны сияқты.

Халықтың ата-бабалар қастерлеп өткен ислам дінінен адаспай, дұрыс бағытта жүру үшін біздің Приозерск қаласының мешіті мен имамы, ішкі саясат бөлімі де бірлесе және тиянақты жұмыс жүргізуі тиіс. Оң-солын танып үлгермей жатып, жат ағымдардың шырғауына түсіп кетіп жатқан жастардың оң бағытқа бұру мәселесі тек олардың ғана емес, жалпыхалықтың жұмыс болғаны жөн. Бұл орайда идеологияны нығайта түсіп, қала зиялыларының қатысуындағы кездесулер, дөңгелек столдар, пікірталастар, насихат жұмыстарының жанданғаны маңызды. Ұлтымыздың құндылықтарын, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары мен ырым-тиымдары да назардан тыс қалмасын!

Жолмұрат КЕҢЕСОВ,
Приозерск қаласы мемлекеттік
архивінің басшысы



түрлері де болады». Адамдардың бақытты болуы үшін ешкімге зиянын келтірмейтін, баршаға пайдасын тигізетін білім қажет. Өз Мұхаммед өзінің дұғасында: «Аллаһым! Маған берілген білімді пайдаландыр және маған пайдалы білім бер. Білімді арттыр, Аллаһым. Барлық мақтау барлық жерде және әр заман Аллаға тән. Жаһаннамның азабынан Аллаға сыйынамын» – деп тілеген екен. Ардақты елші келесі бір хадисте: «Бір ғалымның ғылымнан мақсаты Алла болса, одан бәрі қорқатын болады. Мақсаты дүние болса, бәрінен қорқатын болады» деген. Абу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазалидің (1059-1111) пікірінше: «Шегінен асқан білімнен жағымсыз істер мен пайдасыз бүліктер туралы ойлар туындайды. Мұны айлакерлік дейді. Шала білімнен ақымақтық, ақылсыздық пайда болады. Тек толыққанды білімнен ғана мәселенің алдын-алу жолдары туралы дұрыс көзқарастар, бүтін пікірлер мен ізгі ойлар қалыптасады». Қазақ ағартушылары Ыбырай Алтынсарин, Абай және Шәкәрімнің ғылымға үндеген өсиеттері мұсылман ғұламалары ойларымен күйіліп түсетіні белгілі. Сонымен, білім адамдарға бақытты болуы үшін қажет. Адамдар бақытты болса, қоғам бақытты. Қоғамдар бақытты болса, адамзат

жылы: «Қазақстан байрағындағы бүркіт – түркі әлемінің ХХІ ғасырдағы символы. Бүркіт екі қанатын – бірі дін, екіншісі білім – тен игергенде ғана биіктерге самғайды» деп меңзеген болатын. Намық Кемал Зейбектің бұл сөздерін айтқан күннен бері 26 жыл өте шығыпты.

Қазақстандықтар осы уақыт аралығында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Олардың ішінде ислам дінінің бейбітшілік пен төзімділік діні екендігін әлемге паш етті. 1992-жылдың 18-қазанында Алматы қаласында көптеген конфессиялардың өкілдерінің басын қосқан қазақстандықтар «Рухани келісімнің І бүкіләлемдік конгресін» өткізді. Осы оқиғадан кейін Қазақстан жыл сайын 18-қазан күнін «Рухани келісім күні» деп атап өтуде. Аталмыш конгрестің жалғасы ретінде әлемдегі бейбітшілікті сақтау мақсатында ҚР Президентінің бастамасымен Қазақстанда 2003, 2006, 2009, 2012-жылдары Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің І, ІІ, ІІІ, ІV Съездері ұйымдастырылды. Көпке аян, І Съездің жұмысы әлемдік және дәстүрлі діндерге ортақ жалпы адами бағыттарды қарастырып, келісімдерді жүзеге асыратын және ортақ шешімдер қабылдайтын халықаралық конфессия-аралық орталық құруға арналды ІІ Съездің



жолда болу мен ақ пен қараны айыру мәнісі өз Мұхаммедке Алла тарапынан көктен Жәбірейіл періште арқылы 22 жыл 2 ай 22 күнде уәһи болып түскен аяттармен түсіндірілген. Құранның жерге түскен бірінші аяты «икра» («оқы») деген сөзден басталуына байланысты 6666 аяттан құралған 114 сүренің жинағы «Құран» («оқу») деп аталған болатын. Өз Мұхаммед Құран оқығанды, өзгенің де оқығанын тыңдағанды өте ұнатқан екен. Бір күні сахабаларының бірі Абдуллах бин Масғудтан Құран оқып беруді сұранды. Ол кісінің пайғамбар алдында Құран оқудан тартын-

Жеті қырлы...

Табиғатынан сурет салу өнері бойына сіңген, қыл қалам шебері Руслан есімді сарбаз бұл күнде, өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын егеменді еліміздің айбынды армиясының сапында адал атқарып жүр. Туғанынан бойына талант дарыған жігіт, қатардағы жауынгер Руслан Қуатұлы Кеңес Талдықорған қаласынан әскер қатарына биылғы жылдың көктемінде шақырылған болатын. Әскери антты «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты әскери бөлімінде қабылдады.

Жер бетінде төл туындысымен төрткүл дүниені таң қалдырған суретшілер қаншама... Қиялға ерік беріп, ойынды қағаз бетіне түсіру оңай емес екені анық.

Әйгілі суретшілер Огюст Ренуардың, Леонардо да Винчидің, қазақтың қыл қалам шебері Әбілхан Қастеевтің өнер жолын қуған талантты қатардағы жауынгер Руслан Кеңестің арнайы сурет салуға арналған қарындашты қолынан тастамай, үнемі өзімен бірге алып жүретіні тағы бар. Өзі туып өскен отбасының ортаншысы Руслан сурет салуға бала кезден құмар болыпты. Мерзімдік әскери қызметтегі сарбаздың айтуы бойынша, қағаз бетіне қарындашпен сурет салуды мектепте үйренген.

Биыл, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай, Приозерск гарнизонының

ОТАН ҚОРҒАУШЫ ҚЫЛ ҚАЛАМ ШЕБЕРІ



бастығы подполковник Е.Батырбеков Отан алдындағы қызметте жеткен жетістіктері мен үлгілі тәртібі үшін қатардағы жауынгер Руслан Кеңеске мақтау қағазын салтанатты түрде табыс етті.

Бүгінде суретші сарбаз өзінің ой-өрісін дамыту мақсатында, өнердегі шығармашылығын шынға үшін, бос уақытын құр жібермей сурет салумен айналысады. Өз Отанының қорғаушысы ретінде қолға алып бастаған туындысын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнайтынын жасырмады. Халқымыз: «Жақсы

салынған суретте көп сөздің түйіні бар» - деп айтқанындай, сарбаз Русланның алға қойған мақсатының толықтай жүзеге асатынына сенімдіміз.

Сурет өнері – өнер атаулының ішіндегі көркем де бейнелі руханият қазынасы. Әрине, осындай өнер жолын қуған қатардағы

жауынгер Русландай ер азаматтар қатарымыздан табылып жатса, айбынды армиясы бар Тәуелсіз Қазақстанның мәртебесі асқақтап, арта беретіні сөзсіз.

Думан Құрманғалиев
Приозерск гарнизонының баспасөз
хатшысы





МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ БАРЫСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 14 мемлекеттік қызмет, Жұмыспен қамту орталығы арқылы 5 мемлекеттік қызмет көрсетеді. 2021 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша жалпы 1787 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде:

- қағаз түрінде – 21 мемлекеттік қызмет;
- мемлекеттік корпорация арқылы – 40 мемлекеттік қызмет;
- «электронды үкімет» веб-порталы арқылы – 1255 мемлекеттік қызмет;
- қызмет берушінің ақпараттық жүйесі арқылы – 471 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Ағымдағы жыл бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасы жөнінде ешқандай шағым түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында сыбайлас жемқорлыққа жол

берілмейді. Қазіргі таңға дейін бөлімде мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында жемқорлық фактісі анықталып, тіркелмеген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Яғни, сыбайлас жемқорлықты болдырмау немесе оның алдын алу мақсатында бөлім қызметкеріне білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар өткізу, қызметкерлердің адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуын және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру үшін бөліммен дөңгелек үстел, семинарлар, жиналыстар өткізіліп отырады. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және жемқорлыққа жол бермеу мақсатында

дөңгелек үстел, семинарлар, ақпараттық түсіндіру жұмыстары сияқты 5 түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ал, қоғам бойынша жемқорлықты болдырмау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында, бөлімнің ресми сайтында, әлеуметтік желілерінде (Facebook, Инстаграм, ВКонтакте) түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша ақпараттар жарияланады және бөлімнің бірінші қабатында орналасқан ақпараттық теледидарда жемқорлыққа жол бермеу бойынша бейне-роликтер қосылып тұрады.

Егер де Сіз дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие болсаңыз, бұл туралы мәліметті жоғары тұрған басшыға айта аласыз немесе Қазақстан Республикасының

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 1424 Call-орталығына хабар бере аласыз.



Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Цифрлық Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН НЕГЕ АНАЛОГТЫҚ ХАБАР ТАРАТУДАН БАС ТАРТУДА?

Қазақстанда аналогтық хабар тарату желісінің заманы бітіп, цифрлық эфирлік телевизия кезеңі келді. Көптеген телекөрсерменді: неге еліміз аналогтық телехабар таратудан бас тартып, цифрлық форматқа көшуде? деген сұрақ мазалап отыр. Анығына жетіп көрейік.

Ең алдымен аналогтық телевизияның не екенін анықтайық. Бұл – бейне мен дыбысты тарату үшін аналогтық электр сигналын қолданатын телевизиялық жүйе. Аналогтық хабар тарату кезінде станциядан сигнал антеннаға беріліп, бір жиілікке бір арна бекітіледі.

Аналогтық хабар тарату жүйесі телевизия пайда болғаннан қолданып келе жатыр, әрі «цифрды» ойлап тапқанға дейін телевизиялық кескін мен дыбысты таратудың жалғыз тәсілі болған. Аналогтық хабар таратуда түстің қанықтығы мен дыбыстың өзгеретін амплитуда, жиілікпен ұсынылған. Үзіліссіз диапазонда сигнал өзгеріске ұшырап, тысқы әсерден тәуелді болып келеді. Бұл аналогтық телевизияның басты кемшілігі. Қолайсыз ауа райы: жел, жаңбыр, найзағай кезінде сигнал нашарлап, көрсерменге кескін қалпында емес, бұрмаланып жетеді. Телестанцияның алыс орналасуы да сигнал сапасына әсер етеді. Сигнал көзі мен теледидардың ара қашықтығы неғұрлым алыс болса соғұрлым сапа нашарлай бермек. Басқаша айтқанда, ана-логтық хабар таратуда бейне мен дыбыс көрсерменге төмен сапада жетеді. Осылайша, көгілдір экранда бейне бұлырап, дыбыс шумен шығады. Оның үстіне, қазір көптеген фильмдер мен телебағдарламалар цифрлық форматта түсірілгендіктен, аналогтық телевизия бейне мен дыбыстағы арнайы эффектілерді бере алмайды.

Яғни, аналогтық хабар тарату ескірген, әрі заманауи талаптарға сай келмейді. Сондықтан, әлем біртіндеп аналогтық хабар таратудан бас тартып, цифрлық эфирлік хабар таратуға көшуде.

Цифрлық телевизия 1990 жылдары Еуропада пайда болды. Алғаш рет сигнал Нидерланды мен Германияда сынақтан өткен болатын. 2019 жылғы мәлімет бойынша, дүние жүзінде 70-тен астам мемлекет толықтай цифрлық эфирлік хабар таратуға көшкен. Тағы 60 ел digital-форматқа көшу үстінде.

Қазақстан да әлемдік стандартқа көшіп жатыр. Жұмыстар 2012 жылдан бері жүргізілуде. Цифрлық телевизияны дамыту және ендіру жобасы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының аясында жүзеге асырылып жатыр. Қазір бірқатар облыстар цифрлық хабар таратуға толықтай көшті, халықты қамту көлемі 87,37% құрайды. Қазақстанда аналогтық хабар тарату 2022 жылы толығымен тоқтатылады деп жоспарланған.

Цифрлық хабар таратудың артықшылығы неде? Ең бастысы – айқын бейне мен жоғары сападағы дыбыс. Цифрлық сигнал түрлі бөгеткедергіге ұшырамайды, әрі телекөрсерменге, тіпті шалғай орналасқан елді мекендерге бастапқы түрінде, шуылсыз, бұлырлаусыз жетеді. Тағы бір артықшылық – сигнал таратудың жоғары жылдамдығы. Цифрлық хабар тарату телекөрсерменге жоғары сападағы контентті жеткізеді.

Цифрлық телехабар тарату желісі:

- телехабар тарату жүйесіне қосымша функциялар мен қызмет енгізуге;
- барлық облыс орталықтары мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 30 шақты, елді мекендерде 15 отандық телеарнаны цифрлық сапада, әрі абоненттік төлемсіз тамашалауға;
- телеарналарды екі тілде (қазақ, орыс) көруге, электрондық хабарлар бағдарламасы;
- көрсерменді жаңалықтар, өзгерістер мен алдын алу жұмыстары туралы теледидар экранына ТВ-пошта жөнелту арқылы құлақтандыруға мүмкіндік береді.

2022 жылы Қазақстан Республикасы халқының кем дегенде 95 пайызын цифрлық эфирлік сигналмен қамтамасыз ету жоспарланған.

«Приозерск қаласының ІС,МЖТДБ» ММ



ПОЧЕМУ КАЗАХСТАН ОТХОДИТ ОТ АНАЛОГОВОГО ВЕЩАНИЯ?

Время аналогового телевизионного вещания в Казахстане подходит к концу и наступает эпоха цифрового эфирного вещания. Многих телезрителей волнует вопрос: Почему страна отходит от аналогового вещания и переходит на цифровой формат? Попробуем разобраться.

Для начала выясним, что такое аналоговое телевидение. Это телевизионная система, использующая для передачи изображения и звука аналоговый электрический сигнал. При аналоговом телевидении сигнал со станции подается на антенну и за одной частотой закрепляется один канал.

Аналоговое вещание используется со времен появления телевидения и до изобретения «цифры» оно было единственным способом передачи телевизионного изображения и звука. В аналоговом вещании яркость, цвет и звук представлены быстрыми изменениями амплитуды, частоты и фазы потока. Сигнал меняется в непрерывном диапазоне и восприимчив к внешнему воздействию. Это главный недостаток аналогового телевидения. При плохой погоде – ветре, дожде, грозах – сигнал ухудшается и зритель получает картинку с помехами, с плохим звуком или вообще без него. На качество вещания влияет и дальность телестанции. Чем больше расстояние между источником сигнала и пунктом назначения, тем хуже его качество.

Другими словами, при аналоговом вещании изображение и звук доходят до зрителя в искаженном виде. Отсюда рябь на голубом экране и низкое качество звука. К слову, сейчас многие фильмы и телепередачи снимаются в цифровом формате, и аналоговое ТВ также не может передать специфические изображения и звука.

Таким образом, аналоговое вещание безнадежно устарело и не отвечает современным требованиям. Поэтому мир постепенно

отходит от аналогового телевидения и переходит на цифровое эфирное вещание.

Цифровое телевидение появилось в 1990-х гг. в Европе. Первыми его протестировали Нидерланды и Германия. По данным на 2019 год, в мире более 70 стран полностью перешли на цифровое вещание. Еще 60 государств находятся на стадии перехода на digital-формат.

Казахстан тоже переходит на мировой стандарт. Работы ведутся с 2012 года. Проект по внедрению и развитию цифрового телевидения осуществляется в рамках государственной программы «Цифровой Казахстан». Уже ряд областей перешли на цифровое вещание и охват населения составляет 87,37%. Планируется, что в Казахстане аналоговое вещание полностью прекратит свое существование в 2022 году.

В чем преимущество цифрового вещания? Главное, это яркая четкая картинка и высокое качество звука. Цифровой сигнал устойчив к помехам и передается телезрителям в первоначальном виде, без шумов и искажений даже до самых отдаленных населенных пунктов. Также одно из достоинств – высокая скорость передачи сигнала. Цифровое вещание поставляет телезрителям контент высокого качества. Цифровое телевидение дает возможность:

- вводить дополнительные функции и сервисы в систему телевизионного вещания;
- просмотра отечественных телеканалов в цифровом качестве и без абонентской платы до 30 каналов в областных центрах и городах Нур-Сұлтан, Алматы, Шымкент и до 15 телеканалов в населенных пунктах в регионе;
- просмотра телеканалов на двух языках (русский, казахский), электронной программы передач;
- информировать зрителя о новостях, изменениях, профилактических работах путем отправки ТВ-почты на экран телевизора.

К 2022 году планируется обеспечить охват цифровым эфирным телевидением не менее 95% населения Республики Казахстан.

ГУ «ОВЦ,КІРЯ города Приозерск»

О ЛИКВИДАЦИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

сообщает НПО Азербайджанское ЭКО «Аруз» (БИН130740001435).

Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации

объявления по адресу: г. Приозерск, ул. Кисунько, д. 3. пом. 2,

телефон: +77076686867, +77016256000.

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти **Оспанова Нуриддина Абдираимовича**, умершего

20 апреля 2021 года. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу

Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве

связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.

Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15,

Заказ № 43/739. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041